Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

15 шілде сенбі
№55 (1962)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖАҢА ЗАҢ: ОНЛАЙН ӘЛЕМНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Шілденің айтарлықтай жаңалықтарының бірі – Мемлекет басшысының «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама» туралы заңға қол қойды. Жаңа заңның медиа саласы үшін әкелер жаңалығы және ел игілігіне әкелер пайдасы қандай деген сұрақ жоқ емес. Жалпы еркін ақпарат тарату алаңына айналған әлеуметтік желілерді заңмен реттеу мәселесі көптен бері айтылып келеді.

2 БЕТТЕ

Аймақта су тапшылығы – өзекті мәселе. Ахуалдың күрделенуі егіннің бітік шығуына, диқандардың еңбегіне кесірін тигізбесе деген алаңдаушылық бар. Жауапты министрлік пен шаруалар бірлесіп егінді сусыз қалдырмауда тиісті шара қабылдағанымен жағдай көңіл көншітпейді. Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірді сумен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жиын өтті.

АЙМАҚТАҒЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Жиында тиісті сала мамандарынан құрылған арнайы жұмыс тобының шаруашылықтарға суды кезекпен беруді бақылауға алғандығы айтылды. Бұл ретте жоғары орналасқан жерлерге су жеткізу үшін сондай-ақ қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалану үшін 351 насос қондырғысы жұмыс істеуде. Дегенмен мәселе мұнымен толық шешілмейтіні анық.

Аймақта су тапшылығын болдырмау үшін шілде-тамыз айында Шардара су қоймасынан секундына 200 текше метрден кем су түспеуі және төменгі ағысқа секундына 500 текше метр су жіберілуі қажеттігі айтылды. Бұл тиісті сала мамандары тарапынан үнемі бақылауда болуы тапсырылды.

Сонымен қатар биыл аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес бақша дақылдарын егу үшін 3342 гектар жер дайындалған. Оның 1021 гектарына картоп, 866 гектар аумаққа көкөніс, 1395 гектарға бақша дақылдары егілген. Бақша дақылдарын егуге тұрғындардың сұранысы артқан. Ол үшін қажетті қосымша жер сұрап, егін егуге ынта білдіргендер көп. Бақшалық жер берудің шаруаға қолайлы әрі тұрмысына да оң ықпал еткенін ескерсек, ойдағыдай өнім алу үшін су тапшылығына ұшырамау қажет. Жиында бұл мәселе де тыс қалмады.

Салаға жауапты мамандар жағдайды бақылауда ұстап, су беруді реттеп отырғанын айтқанымен, шаруалардың да өз уәжі бар. Сондықтан қала, аудан әкімдері мен жауапты басқарма басшыларына «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалымен бірлесіп, дақылдардың нақты су тұтыну нормасына сәйкес су беру кестесін шаруалармен келісе отырып үйлестіру, су деңгейін көтеру бойынша тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Алдағы уақытта бақшалық жерді жергілікті тұрғындардың сұранысына сәйкес жоспарлап, олардың сұранысын қанағаттандыру жайы да сөз болды. Сондай-ақ тиісті басшыларға егінге су беруді үйлестіріп, жиын-терімге дейін барлық жұмыстарға тұрақты бақылау жасау жүктелді.

«Ақмешіт-ақпарат»

АУЫЛДЫ ҚОЛДАУДЫҢ БІР ҮЛГІСІ

Ауылдарды дамыту, елдегі ағайынның еңсесін көтеру мақсатында ел Президентінің жарлығымен ауылдарды дамытуға арналған тұжырымдама қабылданғаны белгілі. Тұжырымдама жүзеге асса, тұрмысы кері кеткен ауылдардың бір серпіліп қалары сөзсіз. Сондай-ақ тұжырымдама аясында «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асып, ауыл тұрғындарына кәсіп бастауға жеңілдетілген несие берілмек. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүзеге асуда.

Аймақта ауылдарды дамыту мақсатында облыс әкімінің қолдауымен биылдан бастап «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы ұйымдастырылды. Қаланы абаттандыру, елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оларға жайлы орта жасауды мақсат еткен конкурс талаптары алдын ала жұртшылыққа тыныстырылды. Үздік елді мекендерді анықтау үшін азаматтық қоғам өкілдерінен, халық қалаулыларынан, тәуелсіз журналистер мен экобелсенділерден құрылған тәуелсіз сарапшы комиссия жұмыс жасап, шешім қабылдады. Байқау шарты бойынша облыстағы үздік ауылдарды және Қызылорда қаласындағы үздік шағын аудандарды анықталды. Осы аптада байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды марапаттады.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Құрт қалай «Qurtella» болды?

Жуырда Қызылорда қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен көшпелі брифинг өтті. Брифинг барысында қалада жаңадан ашылған «Qurtella» құрт өнімінің жұмысымен таныстық.

– Негізі бұл бизнес 15000 теңгемен басталды. Жұмыс істеп жатқанымызға 1 жыл болған жоқ. Бірақ аз уақыт ішінде халыққа ұнап, өнім сұранысқа ие болды, көп жағдайда тұтынушылар тойбастарға және мерекелерде алып жатады. Қазіргі таңда кәсібіміз қарқынды дамуда, 1 айдың ішінде 5000-10000 данаға дейін сатылады. Алдағы уақытта көптеген жаңа технология алып, кәсібімізді әлемдік деңгейге жеткізу ойда бар. Себебі қазір тәтті құрт тек қол жұмысымен жасалып жатыр. Цехта бар-жоғы бес адам жұмыс істейді. Оның бірі сатушы, ал қалған үшеуі осы өнімді жасаумен айналысады. Осы кәсіп арқылы жұмыссыздар санын азайтуға үлесімізді қосып жатырмыз. Құрттың дәмін тек жерлестеріміз емес, шетел азаматтары да татып көрді. Халыққа ұнағаны соншалық, құрамын сұрап, алғысын жеткізеді. Тауар толық сертификатталған, патенттелген, барлығы заңды. Алдағы уақытта бүкіл Қазақстанды тәтті құртпен қамтысақ деген арман да бар. Қытай тауарын тұтынғанша өз өндірісімізді қолдайды деген ойдамыз, – деді «Qurtella» өнімінің иесі Нұрсұлтан Қалмағамбет.

Жалпы «Qurtella» өніміне келсек, оның қара, ақ шоколад, банан, баблгам, алма және құлпынай дәмімен жасалған алты түрі бар. Құрттың дәмі мен дизайны ерекше, көз тартарлық. Әсіресе тәтті сүйер бүлдіршіндер үшін таптырмас өнім екені айдан анық. Негізінен мектеп оқушылары және кішкентай балалар сатып алады. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Өзбекстан Қазақстан үшін жылына елу миллион тонна құрт өндіреді екен. Айта кетейік, тәтті «Qurtella» құрт өнімін осы күнге дейін қаламызда ешкім жасап көрмеген. Тұңғыш рет ашылған тәтті құрттың алар белесі алда.

Алғыспен алға адымдаған «Дәнекер»

Аймақта құрылыс жұмысы қарқын алып, зәулім тұрғын үйлер, еңселі әлеуметтік нысандар тек қалада емес, аудандарда да көптеп салынып жатқанын жақсылыққа баладық. Бұрын құрылыс компаниялары саусақпен санарлық болса, бүгінде оның саны артқан. Солардың арасынан жұмысы тиянақты, құрылыс саласында тәжірибесі мол – «Дәнекер» құрылыс компаниясы. Мұның дәлелі – Тасбөгеттегі 200 орынға арналған көпсалалы балалар ауруханасы. Компанияның іргелі істерінің бірі – 6 млрд теңгеден астам қаржыға салынған осы аурухана. Аурухана ашылғаннан бері сапалы дәрігерлік көмек алу үшін сырбойылық балғындар алысқа ұзамайтын болған. Сонымен қатар киіз үйдің шаңырағындай сән түзеген ерекше орын – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» «Дәнекердің» ерен еңбегі. Бізді қызықтырған құрылыс мекемесі жайлы кеңірек білу мақсатында компания директоры Әбдімәжит Жансақаловпен жолықтық.

3 БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

Дефектологқа жүгінетін бала көбейді

Бүгінде «бала тілі – бал» дейтін қазақ баласының тілі уақытында шықпай, қатарынан қалып бара жатса, алаңдайтыны рас. Айналамыздан «балам дұрыс сөйлемейді», «тілі анық емес», «жақсы логопед маманы керек» деген пікірді жиі естиміз. Бұрын шет елдерде тіл мүкістігі мен ерекше балалардың сөйлеу дамуының тежелуін көп еститінбіз. Ал соңғы жылдарда бізде де балалар арасында өзекті мәселеге айналды. Сондай-ақ логопед-дефектолог маманына сұраныс артуда. Оған не себеп? Ата-ана нені ескеруі керек? Осы орайда облыстық балалар ауруханасындағы оңалту бөлімінің логопед-дефектолог маманы Қарлығаш Мәдібекқызымен сұхбаттасқан едік.

4 БЕТТЕ

ЖАҢА ЗАҢ: ОНЛАЙН ӘЛЕМНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Әлеуметтік желілерді реттеуге арналған заңда «инфлюенсер» деген жаңа ұғым бар. Яғни блогер әлеуметтік желілерде жариялаған ақпаратының жауапкершілігін де арқалайды. Бүгінгі күнге дейінгідей, айтылды-қалды деген түсінік болмайды. Сонымен қатар аудиториясы кең блогерлер жарнамалық ақпарат салғанын белгілеуге міндетті Яғни оқырман оның жарнама екенін білуі тиіс. Сонымен қатар ақылы жазбалар үшін салық төлеуге міндетті екені де заңда қарастырылған. Тағы атап айтарлығы, Онлайн-платформа иелеріне жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК немесе 69 мың теңгеге, ал блогерлерге - 40 АЕК, 138 мың теңгеге айыппұл салынады. Бұл орайда Президент Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске түзетулер енгізіп, қол қойды. Сонымен бұл заң негізгі мақсатына жете ала ма деген сұраққа жауап іздеп көрдік.

Жаңа заң онлайн платформалар қызметін реттеудегі мақсаты туралы заң әзірлеудегі жұмыс тобының төрағасы қызметін атқарған Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыров бұл құжаттың интернеттегі буллинг, балаларды қорлау, адамдарды кемсіту, алаяқтықты тізгіндеуді мақсат еткенін айтады.

– Басты мақсат – онлайн-платформа және онлайн-жарнама мәселелерін құқықтық реттеу. Заң онлайн-платформалардың жұмысын Қазақстан Республикасының заң аясында жүйелендіріп, әлеуметтік желі қолданушыларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық айналымына енгізе отырып, осы саланы мемлекеттік реттеудің негіздерін қалыптастырады. Заңның міндеті - әлеуметтік желіде болып жататын буллинг, азаматтарды қорлау тәрізді келеңсіз фактілерден, қаржы пирамидаларынан Қазақстанның азаматтарын қорғай отырып, елімізде саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын алу. Заңның басты новеллалары онлайн платформаларды реттеудің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді, – дейді Мәжіліс депутаты.

Ал осы заңның шығуына бастамашы болған депутаттардың бірі Айдос Сарым мұндай заңның қажет екенін өмірдің өзі дәлелдеп отырғанын, әрбір адам осы заң арқылы мемлекет қолдауында екенін сезінетінін алға тартады. Депутат келтірген мәліметке сүйенсек, өткен жылдың өзінде әлеуметтік желілер арқылы 5 мыңнан аса жалған ақпарат тарату фактілері орын алған екен.

– Біріншіден, адам құқықтарын қорғау мәселесіне тоқталайық. Біздің азаматтарымыз артында күшті мемлекеттің тұрғанын айқын сезінуге тиіс.

Мемлекеттік тіл мәселесі бар. Қазір техногиганттар әлеуметтік желідегі ақпаратты бірден қазақ тіліне аударатын мүмкіндікті қарастырып жатыр. Біз енді бұл үрдісті барлық әлеуметтік желілер жүзеге асыратындай жағдайға жеткізгіміз келеді, модерацияны да қазақ тілінде жүргізу мәселесін қойып отырмыз. Себебі біздің қазақтілді аудиторияның құқығы да қорғалуы керек.

Келесі – онлайн жарнама мәселесі. Азаматтар қаржы пирамидасына, басқасына алданбау үшін онлайн жарнамаларды қадағалау мәселесі көтеріліп отыр. Сондықтан блогер, инфлюенсер деген ұғымдарын енгізіп, заңда бекітіп, алдымен кәсіпкерлік кодекске, кейіннен жыл аяғындағы салық кодексіне еніп, көлеңкелі экономикада жүрген қаражаттың бәрін жарыққа шығару керек деп есептейміз. Жарнаманың 60 пайызы интернет арқылы жүріп жатқаны белгілі және бұл триллиондаған ақша болуы да мүмкін, – деген пікірін білдіреді.

Жаңа заңға Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі өзінің «Фейсбук» әлеуметтік желідегі парақшасына және «Егемен Қазақстан» газетіне «Жаңа медиа һәм жаңа мүмкіндік» атты мақаласында бұл құжаттың медиа саласына серпін әкелетінін жазды.

Министрдің айтуынша, бүгінде әлеуметтік желілер негізгі ақпарат көзіне айналды. «Баршаға белгілі, әлеуметтік желілер бүгінде негізгі ақпарат көзі мен қоғамдық-саяси бағытты қалыптастыратын платформаға айналды. «Қоғам тынысының барометрі» атанған масс-медиа саласы қарқынды дамыған тұста ақпараттық технологиялар әсерімен әлем күрт өзгеріске ұшырады, коммуникацияның ландшафты да терең трансформацияға түсті. Мәселен, күні кеше ғана Reuters Institute жариялаған биылғы «Дижитал жаңалықтар есебі» бойынша, әлемде әлеуметтік желі арқылы жаңалықпен танысу 30 пайызға ұлғайған. Осыған байланысты Президент 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында медиа саланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарауды тапсырғаны белгілі. Бұл орайда медиа қауымдастық және қоғамның пікіріне құлақ түріп, әлемдік тенденцияларды мұқият зерделеп, масс медиа туралы заңнама мен онлайн платформаларға арналған ережелерді бөлек қарастыруды жөн санадық. Заңның қабылдануы Қазақстан Республикасындағы онлайн-платформалардың қызметі үшін құқықтық негіздер қалыптастырады, онлайн платформалар және онлайн жарнама саласындағы реттеудің нормативтік негізін консептуалдық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді. Оған қоса, Еуропалық одақ қабылдаған Digital Services Act немесе цифрлық қызметтер туралы заңның баламасы іспетті бұл заң әлемдік әлеуметтік желілердің интерфейсін қазақшалау, инфлюенсерлердің жарнамасын таңбалау, заңсыз контентті неғұрлым тиімді модерациялау мәселелерін де реттейді. Заң аясында көлеңкелі экономика үрдісін азайту және онлайн алаяқтықпен күресу бойынша қажетті шаралар қабылданады. Басқаша айтқанда, офлайн өмірдегі жауапкершілік онлайн әлемде міндеттеледі. Жалпы қабылданған заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толыққанды іске асыру үшін онлайн платформалармен тиімді ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл орнатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте қазірдің өзінде әлемге әйгілі әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар әріптестік орнатуға ықыласты екендіктерін танытып, кейбірі өкілдерін тағайындады. Осы орайда заңға бастамашы болған депутаттарға, жалпы Мәжіліс және Сенат депутаттарына, жұмыс тобының мүшелеріне, ұсыныс айтқан, қолдау білдірген барша белсенді азаматтарға алғыс айтамыз. Жаңа заң ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз», – деп жазды.

Демек, әлеуметтік желі еріккеннің ермегі болмайды. Бір сөзбен айтқанда, онлайн әлемнің де жауапкершілігі бар. Әрбір сөздің сұрауы болатын уақыт келді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

АУЫЛДЫ ҚОЛДАУДЫҢ БІР ҮЛГІСІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен айда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Тазалық пен ұқыптылық күнделікті өмір салтымызға айналуы қажет. Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы ең алдымен басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзқараспен қарауы тиіс», – деген еді. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық дәстүрдің алтын қазығы саналатын сырбойылықтар бұл бастаманы негізгі қағида ететіні сөзсіз. Өздеріңізге белгілі, ел Президенті өткен жылы қайта сайланғаннан кейін «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы құжат аясында Үкімет пен әкімдіктер алдағы бес жылдықта ауылды дамытуға күш салуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыстың әрбір елді мекенінде ауқымды шаралар үздіксіз ұйымдастырылуда»,– деді облыс әкімі.

Тұжырымдама аясында биыл өңірге 17 млрд 100 млн теңге (2022 жылы – 9,9 млрд. теңге) қаржы бөлінді. Бұл қаржы елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеуге, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталуда.

Облыс басшысы ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуді көздеген «Үздік елді мекен» конкурсын дәстүрлі түрде жыл сайын өткізу жоспарланғанын атап өтті.

– Бүгін бірлік пен берекенің, тазалық пен абаттандырудың үлгісін көрсеткен жеңімпаздарға күнделікті тұрмысқа ең қажетті, заманауи үлгідегі техникаларды табыстаймыз. Тазалыққа жаны құмар қала тұрғындарының да абаттандыру бағытындағы еңбектері орасан зор. Жеңімпаз атанған шағын аудандарда сквер салу, көше, аулаларды жарықтандыру, балалар және спорттық ойын алаңдарын салу сынды жобаларды облыстық бюджеттен қаржыландыратын боламыз. Күзде «Үлгілі елді мекен» конкурсы қаланың шағын аудандары, аудан орталықтары мен ауылдар арасында қайта жалғасады. Қазірдің өзінде облыстық бюджеттен 523 млн теңге қаржы бөлініп, дайындық жұмыстары басталды,– деді өңір басшысы Нұрлыбек Машбекұлы.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді туған жерге жанашырлықпен қарауға, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, ел экономикасын дамытуға үлес қосуға шақырғаны белгілі. Жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасын қолдады. Бүгінде аймақта демеушілікпен барлығы 30 млрд 100 млн теңгенің жобалары жүзеге асуда. Оның ішінде, елді мекендер мен қаланы көркейтуге басымдық берілген. Демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығындағы 50 үйдің қасбеті заманауи панелдермен қапталуда. Тағы 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылып, яғни, заманауи спорт алаңдары, тротуарлары, жарық бағаналары жаңартылуда.

Аймақ халқы атынан демеушілерге алғыс айтқан облыс әкімі тағы бір ерекше бастаманы атап өтті.

– Тұрғындар тілегі бойынша аудан орталықтарында музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар мекемелерді біріктіріп, заманауи бір ғимарат етіп салу бағытындағы жұмыстарды қолға алудамыз. Бұл жұмыстар туған жеріміздің гүлденуіне оң әсер ететіні сөзсіз, – деді аймақ басшысы.

«Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша үшінші орын және әмбебап тиегіш трактор Арал ауданы, Аманөткел ауылына табысталды. Екінші орын жеңімпазы Жалағаш ауданы, Таң ауылына жер қазатын трактор тіркемесімен берілді. Бірінші орынға Сырдария ауданы, Наги Ілиясов ауылы жер қазатын трактор және жүк тасымалдайтын «КАМАЗ» көлігін алды. Конкурстың «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша үшінші орынмен Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті марапатталып, оған ассенизатор машинасы және жол тазалайтын трактор табысталды. Ал екінші орынға ие болған Шиелі кенті қалдық тасымалдайтын «КАМАЗ» көлігін, жол тазалайтын трактор және ассенизатор машинасын жеңіп алды. Бірінші орынға ие болған Жаңақорған кентіне қалдық тасымалдайтын «КАМАЗ» көлігі, арнайы жол тазалайтын «КАМАЗ» көлігі, ассенизатор машинасы және кран манипуляторы берілді.

«Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясы бойынша үшінші орын жеңімпазы болған «Бәйтерек-Шұғыла» шағын ауданына «Сквер құрылысы» жобасы сыйға тартылды. Екінші орын жеңімпазы «Сырдария» шағын ауданы «Балалар және спорттық ойын алаңдары құрылысы» жобасымен марапатталды. Бірінші орын жеңімпазы «Арай-2» шағын ауданына «Сквер, спорттық ойын алаңдары құрылысы және көше-аулаларды жарықтандыру» жобасы берілді. Облыстық конкурсқа қатысып, көркейту-көгалдандыру шараларына үлес қосқаны үшін бірқатар белсенді азаматтар облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Басы 1-бетте

«ҮЛГІЛІ ШАҒЫН АУДАН»: ІЗГІ НИЕТТІҢ ІЗГІЛІГІ

Халқымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген әдемі нақыл бар. Жаны табиғатпен үндескен жұртымыздың тіршілігі де Жер-анамен біте қайнасқан емес пе?! Содан да болар, әлі күнге дейін бау-бақша баптап, айналаның жасыл желекке айналдырғанды құп көреміз.

Ауылдағы ағайын болмаса, қала халқының бақша егіп, несібесін жерден алатыны сирек. Алайда осы бір қасаң пікірді жоққа шығаратын Мағжан Тобалықов сынды азаматтар бар екен. Қаладағы Бәйтерек-Шұғыла шағын ауданындағы көпқабатты үйдің тұрғыны Мағжан аядай жерді көгалдандырып, өзгелерге үлгі болуда.

Ауылда туып-өскен кейіпкерімізге бұл таңсық іс емес. Жұмыстан соң бір сәт есік алдындағы бақшаны суарып, баптауды әдетке айналдырған.

– Осыдан 7 жыл бұрын Бесарық ауылынан қалаға қоныс аудардық. Осында көшіп келгенде айналамызда бір тал жоқ еді. Бәрі жаңадан қоныстанушылар болды. Жұмыстан кейінгі уақытты босқа өткізбейін деп есік алдына бақша егуді көздедім. Солай жерін нәрлендіріп, айналасын қоршау жұмыстарын жүргіздім. Бастапқы кездері еккен көкөністерім шықпай, курап қалғаны болды. Соған қарамастан жыл сайын топырақты құнарландырып, қияр, қызанақ, алма ағашын, гүлдер отырғыздым. Нәтижесінде екі жыл ішінде бау-бақшаға айналды. Биыл жер талғамайды ғой деп асқабақ еккенмін. Бүгінде ол да түйнектегелі тұр. Бақшамыздың жемісін жейтін күн алыс емес, – дейді Мағжан Бақытұлы бізбен әңгімесінде.

Бау-бақша жұмысы оның сүйікті ісі, қолы қалт еткендегі ермегі. Мұнысы өзге көршілеріне де үлгі. Мағжанның бұл әрекетіне қызыққан көршілері бақша егіп баптамаса да, есік алдына жабайы жүзім, ағаш отырғызуды қолға алыпты. Осылайша қатар орналасқан тұрғын үйлердің ауласы жасыл желекке айналған.

– Көпқабатты тұрғын үй болғандықтан көп жағдайда өзге тұрғындармен келісуге, рұқсатын алуға тура келеді. Мұндай сәтте ауызбірліктің болғаны маңызды. Әр подъезд тұрғындары бірлесіп есіктерінің алдын қоршап, оған шырмауық не жабайы жүзімді өсіретін болса жаздыгүні жанға сая болып, әсем көрінеді. Қазір көпшілік жабайы жүзім егуді әдетке айналдырған. Оған күнделікті су құйып, әрбір тарамын қалқаға айналдыра орап отыру қажет. Сол арқылы нәр алып, жоғарылап өседі. Оралмаған жағдайда курап, өспей қалады, – дейді кейіпкеріміз.

Айналаңды көркейту, көгалдандыру – сауапты іс. Қазір қоғамда табиғатты аялауға көп көңіл бөлінуде. Сондай-ақ қоршаған ортаны жасыл желекке айналдыруды мақсат еткен Мағжан Тобалықов сынды жанашыр азаматтар жетерлік.

Жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы өткен еді. Байқауда кейіпкеріміз Мағжан Тобалықов та бақ сынады. Жеті аудан мен қала арасында өткен сында кейіпкеріміз «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясы бойынша III орын жеңімпазы атанды. Оның көпке үлгі болған бұл ісі еленіп, құрмет төрінен көрінді. Сонымен бірге аймақ басшысы жеңімпаз шағын ауданға «Сквер құрылысы» жобасын сыйға тартты. Енді аталған ауданда демалыс алаңы бой көтеріп, тұрғындардың жасыл желек саясында, таза ауада демалуына мүмкіндік туады.

Ешкіммен санаспай, көпке болсын деген ниеттен туған ізгілікті істің нәтижесі де осындай қайырымды іспен көрініс тапқаны қандай жақсы.

А.ӘЛІМ

АЛҒЫСПЕН АЛҒА АДЫМДАҒАН «ДӘНЕКЕР»

«Дәнекер» ЖШС басшысы Әбдімәжит Жансақаловтың айтуынша, «Дәнекер» ашық акционерлік қоғамы 1997 жылы бұрынғы «СПМК-1 Агропромтехника» негізінде құрылып, сол жылдары Байқоңыр қаласында және Қызылорда қаласы мен облыс аудандарында тұрғын үйлер мен мектептерді жылыту, сумен жабдықтау, кәріз жүйесін жөндеу жұмысымен шұғылданған.

– 2003 жылы «Дәнекер» ашық акционерлік қоғамы «Дәнекер» құрылыс компаниясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Сол жылдардан бері көптеген құрылыс монтаж жұмысын атқарып келеміз. Мәселен, Жаңақорған, Сырдария және Жалағаш ауданындағы көптеген елдімекенде «Таза су» бағдарламасына сәйкес ауызсу жүйесін жаңарту, қайта қалпына келтіру және күрделі жөндеуді, Қорқыт ата атындағы әуежай ғимаратының құрылысын, орталық стадионның ғимаратын қайта жаңартуды, қалалық туберкулезге қарсы диспансер ғимаратының күрделі жөндеу жұмысын орындадық. Бір жұмыс түрімен шектеліп қалмай, құрылысқа қатысты жұмыстың бәрін атқарамыз. Абаттандыру, көркейту, су құбырларын тарту секілді жұмыстарды жүзеге асырдық.

Компания басшысының айтуынша, 2004-2010 жылдар аралығында серіктестік Жосалы кентіндегі 60 орындық туберкулезге қарсы күрес диспансерін, тәулігіне 150 дана цистерна жуатын станция құрылысын, Сырдария ауданындағы Асқар Тоқмағанбетов ауылында 150 орындық клубты, қаладағы «Халыққа қызмет көрсету орталығын», Арысқұм кеніші базасындағы 200 орындық вахталық поселке құрылысын және жаңа КПРС базасын, ұзындығы 4 228 метрлік Жібек жолы каналын мен ұзындығы 1824 метрлік ирригацияляқ жүйе құрылысын, «Тағзым» алаңын салып, Тереңөзек кентін абаттандыруға атсалысқан. Қаладағы көптеген нысанға құрылыс монтаж жұмысын жүргізу осы мекемеге сеніп тапсырылған.

Сонымен қатар 2011 жылы құрылыс компаниясы Тереңөзек кентінің көшелерін және аурухана аумағын абаттандырып, «Әйтек» каналында жаяу жүргіншілер көпірі құрылысын салып, аталған кент көшелеріне орташа жөндеу жүргізді. Бұған қоса, аудан орталығындағы 1200 орынды мектеп құрылысын 2008 жылы бастап, 2011 жылы аяқтап, кент халқына қуаныш сыйлады.

Сол жылы серіктестік Шиелі ауданындағы Нартай Бекежанов ауылынан 600 орындық мектеп салып, жаңа оқу жылында ұстаздар мен оқушыларға тарту етті. Осылайша жыл санап серіктестіктің жұмысы да қыза түсті. 2012 жылы Жалағаш ауданына қарасты Жаңадария ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, Тереңөзек кентінде жас мамандарға арналған 3 тұрғын үй құрылысын жүргізіп, межеленген уақытта сапалы орындап шықты.

Қала орталығында, алыс ауылдарда қолтаңбасы қалған құрылыс компаниясы елдің үміітін ақтап келеді. Ең бастысы оның қызметіне ел риза. Сондықтан құрылыс компаниялары арасында беделі жоғары. 2013 жылы мекеме Жанақорған ауданына қарасты Сүттіқұдық елді мекенінде 90 орындық балабақшаны, Шиелі ауданында 250 орындық емхана құрылысын салып, межеленген кестеге сай орындап шықты.

Әр жылғы жасалған жұмыстың артында үлкен жауапкершілік тұрғанын терең түсінген компания басшысы санға емес, сапаға жұмыс істеуді ұстаным етіп келеді. 2012-2013-2014 жылдары серіктестік «Ақбұлақ» бағдарламасына сай Тереңөзек кентіне, Іңкәрдарияға, Ақтөбе елді мекеніне, Тәжібаев, Алмалы ауылындағы жеке тұрғын үйлерге ауызсу құбырын тартты.

Ал 2014 жылы Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылында 250 орындық мектеп, Жаңақорған кентінде 50 орындық балабақша тұрғызып, жаңақорғандықтардың ризашылығына бөленді.

Сол жылдың маусымында Тасбөгет кентінде 200 орындық көпсалалы балалар аурухана сы құрылысын сәтті аяқтап, нысан 2016 жылы пайдалануға берілді. Сонымен қатар «Нұрлы жол» бағдарламасымен қаладағы «Арай» шағын ауданында 60 пәтерлі №21, № 22 екі тұрғын үй, Жаппасбай батыр көшесінде 40 пәтерлі тұрғын үй салып, қалалықтардың ығылығына берді.

Күннің ыстық-суығына қарамай, маңдай термен еңбек еткен құрыш қолды құрылысшылардың еңбегіне таңдай қағатынымыз рас. Қаланың желі мен аптап ыстығының өтінде жүріп еңбек ететіндердің көпшілігі қызылордалықтар екен. Соншама алып құрылысты салу үшін әрине, жұмыс қолы көп болуы керек. Серіктестік басшысының айтуынша тұрғын үйдің сипаты мен санынан сапасы маңызды. Мұндайда құрылысшылардың тәжірибесі алдымен ескеріледі. Бұл орайда жиырма жылдан астам талай ауқымды құрылыс нысанының кірпішін қалаған бірінші санатты лицензиясы бар компания сенім үдесінен шығып келеді. Құрылыс материалдарының басым бөлігі өз цехында жасалғанын жеткізді. Өзге құрылыс компаниясынан артықшылығы, кірпіш, бетон, терезе де өздерінде өндіріледі.

– Өзіміздің мамандар Өзбекстаннан келетін бригадалардың алдын орап, құрылыс басынан табылғанына қуандым. Себебі өзіміздің қаржымыз өзімізде қалу керек.

Сіз қазақы нақышты қызыл үйлердің көп салынғанын байқадыңыз ба? Сырдың ауа райына, жел мен дауылына қасқайып тұратын мықтысы сол – қызыл кірпіш, –дейді мекеме басшысы.

Шынында, «Дәнекер» құрылыс компаниясы» ЖШС-ның атауын ылғи да еңселі нысандардың ашылу салтанатында естиміз. Тәуелсіздік жылдарынан бері құрылыс саласының бел ортасында жүрген, әлеуеті жоғары компания елге адал қызмет етуде.

Ауыз толтырып айтуға лайық зор жауапкершілік жүктейтін қаншама шаруаның тиянақты атқарылуына белсенді атсалысып, компанияның үздіктер қатарынан көрінуіне ұйытқы болған мекеме басшысы Әбдімәжит Жансақаловтың еңбегі зор.

«Дәнекер» салған құрылыс нысанының қай-қайсысын алсақ та, мін таппайсың. Мәселен, Нәлібаев ауылында сәулеті келіскен 300 орындық жаңа мектеп 2017 жылы салынса, Түгіскен елді мекенінде 140 орындық балабақша 2018 жылы пайдалануға берілді.

Осы жылы «Дәнекер» құрылыс компаниясы қаланың Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында 38 пәтерлі тұрғын үй мен « СПМК-70» шағын ауданында 60 пәтерлі екі тұрғын үй пайдалануға берілді.

2018 жылы Тереңөзек кентінде 18 пәтерлі тұрғын үй және 18 пәтерлі төрт тұрғын үй бой көтеріп, кент келбетін айшықтап, тұрғындарға құтты шаңырақ болды.

Ал 2019-2020 жылдары құрылыс компаниясы қалаға қарасты Шұғыла шағын ауданы, Зейнолла Шүкіров көшесіндегі 35 пәтерлік, Айтмұрат Шаменов көшесіндегі 60 пәтерлік және Қараша көшесіндегі 40 пәтерлік тұрғын үйді пайдалануға берді.

Сонымен қатар 2021 – 2022 жылдары Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 40,50, 60 пәтерлік, Ақмаржан шағын ауданы, Жаппасбай батыр көшесіндегі 50 пәтерлік №1 тұрғын үй салуды өз міндетіне алды.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласының сол жағалауында облыстық қан орталығын, (пайдалануға тапсырылатын мерзімі 2024 жыл), 10 тұрғын үйдің, 50 пәтерлі №3,4,5 тұрғын үйінің құрылысын жүргізуде.

Сондай-ақ Жаңақорған ауданына қарасты М.Нәлібаев, Ақжол ауылдарында спорттық кешен құрылысын, Сырдария ауданы Н.Ілиясов елді мекеніндегі көшелерді қайта жаңғыртуда. Бұған қоса Ақжол ауылының кіре берісіне көпір салуда.

Сол жағалаудағы 60 пәтерлік бір үйді, 40 пәтерлік екі үйдің және Ғ.Мұратбаев көшесінің бойындағы үш қабатты бір тұрғын үйдің қабырғасын қалауда. Аталған нысандар жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Сонымен қатар келер жылға дейін Жайылма, Қожамберді ауылында су тарту құрылысын қайта жаңғыртпақ. Шиелі ауданы Еңбекші ауылдық округіне қарасты Қосүйеңкі елді мекенінде және Ортақшыл ауылдық округіне қарасты Қызылқайың елді мекенінде бас су қоймасының құрылысы басталмақ.

Компанияның әр жылдардағы еңбегі еленіп, марапатқа ие болып келеді. Атап айтқанда, 2006 жылдың қорытындысы бойынша компания облыс әкімдігінің сертификаты мен «Сыр сәулеті» номинациясына ие болды. 2009 жылы Еуропалық кәсіпкерлер Ассамблеясының шешімімен серіктестік директоры Әбдімәжит Жансақалов «2009 жылдың үздік менеджері» медалімен, 2008 жылы «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атағымен марапатталды. Ал «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС Австрия астанасы – Вена қаласында өткен XXI ғасыр көшбасшылары бүкілхалықтық имидждік бағдарламасы лауреаттарының дипломын иеленді. 2014 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін, 2016 жылы «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы», 2020 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дегендей, жауапкершілігін де, қайырымдылық жасауды да бір сәт ұмытқан емес.

Мекеме халыққа көмек көрсетуге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, бір сөзбен айтқанда, қайырымдылық жасауды естен шығарған емес.

Ең бастысы жергілікті жерде құрылысшы маман дайындауда, сапалы құрылыс салуда «Дәнекер» компаниясының үлесі зор.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Биыл қаламыздың сәулетіне сән қосып, әдемі көркін ашатын бірнеше ғимараттың іргетасы қаланды. Соның бірі — Сырдария өзенінің сол жағалауында заманауи талаптарға сай жаңа көпқабатты үйлер, емхана, аурухана және басқа жаңа құрылыс нысандары бой көтеріп келеді. Сонымен қатар ғимаратының қарқынды «Қан орталығының» құрылыс жұмыстары жүруде.

«ҚАН ОРТАЛЫҒЫ» ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аталған ғимараттың іргетасы 2022 жылдың тамыз айында қаланды. Шамамен 2,4 гектар жерге салынып жатқан нысанның аумақты құрылыс көлемі 25020 шаршы метрді құраса, жалпы ауданы 7108 шаршы метр. Орталықта донорлық плазма және аферезді тромбоцит алу, донорлық қанды сақтау, медицина ұйымын қанмен қамтып, қан құю, қан құрамын зерттеу қызметі жүргізіледі. Одан бөлек изоиммуналогиялық және клиникалық-биохимиялық, жұқпалы аурулар мен полимеразды тізбекті реакцияны зерттейтін болады.

Жоба бойынша 18 айға белгіленген ғимараттың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аталған құрылыс нысанын жергілікті бюджет есебінен қаржыландыруда. Оның сметалық құны 2.85 млрд теңгені құрайды. Былтыр жоба құрылысына 250 млн теңге қаражат жұмсалған. Ал биыл 1 млрд теңге қаражат бөлініп, оның 808 млн теңгесі игерілген. Қалған қаражат келер жылға дейін игеріліп, 2024 жылы жоспар бойынша пайдалануға беру жоспарлануда.

Жалпы «Қан орталығы» құрылысының мерзімі он сегіз айға жоспарланған. Бүгінде ғимарат құрылысы аяқталып қалды деуге болады.

– Қазіргі таңда құрылыс нысанының үш қабаты, жертөле, техникалық қабат әрі ғимарат жанындағы автотұрақ пен жылу орталығы құрылысы толығымен аяқталды. Тек ішкі жұмыстарынан сылау, лифтіні орнықтыру жұмыстары қалды. Бұдан бөлек, сыртқы жұмыстары бойынша жұмыс жүруде. Жалпы құрылысқа жұмылдырылған 45-50 адам өзіне жүктелген жұмыстарды атқарып келеді, – дейді компанияның бөлім басшысы Қалдан Әбдіреев

Сол жағалауда бұл күнде бірнеше нысан құрылысы бой көтеріп, жаңа аурухана, емхана, қан орталығы құрылыс алаңдарының жұмыстары жандана түскен. Бұл жергілікті халық үшін зор қуаныш. Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан ел игілігі жолындағы тірліктерді көргенде көңіл марқая түсері анық.

Нәзира МҰҚАТАЕВА
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Қазіргі таңда аймақта жіті ішек инфекциясы аурулары өршіп тұр. Мамандар жаз мезгілін аталған аурулардың кең таралатын маусымы дегенмен, салдары сан соқтыруы мүмкін. Сондықтан тамақ өнімдерін тұтынғанда абай болу керектігі жиі айтылады.

АСТАН УЛАНУ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Аптап ыстықта кез келген тамақ түрі тез бұзылады. Ал оны тұтыну ағзаның улануына әкеледі. Сонымен бірге мерзімінен ерте піскен жеміс-жидек, бақша дақылдарын тұтыну да ауру көрсеткішін арттыруда. Көпшілік мұны қалыпты көргенімен, мамандар дабыл қағуда. Әсіресе балалардың улануы бәрінен қауіптірек.

Жыл басынан бері облыс көлемінде жіті ішек инфекциясының 531 жағдайы анықталған. Оның 95 пайызын қала тұрғындары, 87 пайызын 14 жасқа, 68 пайызын 2 жасқа дейінгі балалар құраған. Десе де бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3,5 есеге төмендеген.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандары эпидемиологиялық тексеру барысында аурудың таралуы үй жағдайында дайындау технологиясы бұзылған немесе дұрыс сақталмаған тағамдарды тұтыну, сүт өнімдері, жеміс-жидектер, сусындар, қайнамаған су ішу және бала күтімінің нашарлығы себебінен туындағанын анықтаған.

– Жаздың алғашқы айынан бастап тұрғындар арасында жіті ішек инфекциялары аурулары тіркеле бастады. Эпиданамнез жинау барысында 31 тұрғынның мерзімінен ерте піскен жеміс-жидек пен қауын-қарбызды жегеннен кейін өздерін жайсыз сезінгені белгілі болды. Әдетте қарбыз маусым айынан бастап сауда сөрелерінде сатылымға шығады. Бұл уақытта өнімдер анағұрлым қауіпті, яғни нитратпен улану деңгейі жоғары болады. Бұдан бөлек гербицид, пестицидтердің мөлшерден тыс болуы да денсаулыққа кері әсер етеді. Сонымен қатар жеміс-жидектерді, қарбыз-қауынды сақтау және жеткізу талаптары сақтала бермейді. Осының барлығы тұрғындардың денсаулығының бұзылуына әкеледі, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Көпшілік жай ғана улану деп аса мән бермейтін ішек ауруына дәрігерлер бей-жай қарауға болмайтынын айтады. Бұл ретте аяғы ауыр әйелдер мен кішкентай балалардың, егде жастағы кісілердің сақ болуы қажет. Олар астан уланған жағдайда дереу жедел-жәрдем шақырып, тиісті мамандардың көмегіне жүгінгені абзал.

– Бүгінде облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында 1111 науқас жедел ішек инфекциясы ауруымен ем қабылдауда. Олардың басым бөлігі ерте піскен жеміс жидек, қарбыз, тағамдарды тапсырыспен алдыру, кафеден тамақтану сынды жағдайдан туындаған. Ішек инфекциясының негізі клиникалық белгілері іштің ауыруы және өтуі, әлсіздік, құсу, тәбетінің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі. Құсқанда және іш өткенде адам сұйықтықты жоғалтып, нәтижесінде ағзадағы су алмасу процесі бұзылып, түрлі асқынуларға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан жедел ішек белгілері байқалса, тез арада жедел медициналық көмекке жүгіну қажет, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының инфекционист дәрігері Жадыра Зинабдинова.

Мамандар жедел ішек инфекциясы ауруларының салдары жеңіл болмайтынын жиі айтады. Әсіресе бүлдіршіндер үшін бұл қауіпті. Биыл қарбыздан улану дерегі көп. Бұл өз кезегінде оны көп тұтынудан да болуы мүмкін. Сондықтан қарбызды мөлшерден тыс жеуге болмайды. Мәселен, ересектер үшін қарбызды тұтыну мөлшері күніге 500 грамм деп есептелсе, 4-6 жастан асқан балалар үшін 150 граммды құрайды. Ал 2 жасқа толмаған сәбилерге қарбыз жеуге мүлде болмайды. Тұрғындар осыны ескеруі тиіс.

Айдана СЕЙІЛ

ДЕФЕКТОЛОГҚА ЖҮГІНЕТІН БАЛА КӨБЕЙДІ

– Қарлығаш Мәдібекқызы, ең алдымен дефектолог пен логопедтің айырмашылығын айтсаңыз?

– Дефектология негізінде үлкен сала, ол логопед-дефектолог, логопед-сурдология, логопед-тифлопедагог, логопед-олигофренопедагог болып бөлінеді. Оның ішіндегі дефектология – табиғи ерекшелігі бар баланың түсінігін қалыптастырып, әлеуметтік ортаға бейімдеу арқылы зейінін тұрақтандыруды мақсат етеді. Ал логопед - сөздік қоры арқылы тілдің мүкістігін, оның бұзылу себептерін жан-жақты жүйелі түрде баланың сөйлеу тіліндегі ақауын зерттеп, оның анық сөйлеуін, дыбыстың дұрыс шығуын қалпына келтіреді. Жалпы, бала өздігінен, ересек адамның ықпалынсыз сөйлеуді үйренбейді, себебі оның жүйке жүйесі жанындағы адамның сөйлеуі арқылы дамиды. Логопед-дефектолог мамандығы бірбірімен тығыз байланыста.

– Бұрын логопед-дефектолог маманы туралы жиі айтыла бермейтін. Қазір бұл мамандық сұранысқа ие. Сондай-ақ логопед-дефектолог саласын қысқа мерзімді курс арқылы оқу жеткілікті саналатын. Бұған не айтасыз?

– Иә, бұрын логопед-дефектолог маманы туралы айтыла бермейтін. Соңғы 2 жылда аталған мамандар сұранысқа ие. Оған себеп құрсақта жатқан кезінен баланың дұрыс дамымай, витаминдердің жетіспеуі, балаға көңіл бөлінбеуі, цифрлық гаджетті бала қолына ұстатуы, тұқым қуалау әсерінен тілінде күрмеуі бар және ерекше балалар саны артуда. Өкінішке қарай, елімізде бала денсаулығына қатысты күрмеулі мәселе күн санап артып келеді. Бұл тұрғыда логопед маманы курсын оқу жеткіліксіз. Егер балаға шынайы көмектесемін дейтін маман болса, ол жан-жақты ізденіп, оқып, заман талабына сай түрлі әдіс - тәсілдерді үйреніп, дамып отыруы керек. Себебі жыл сайын бала тілін дұрыстауға, зейінін ашуға түрлі құрылғылар шығуда.

– Баланың сөйлеу қабілетіндегі бұзылыстар неден пайда болады, оны қалай анықтаймыз?

– Баланың сөйлеу қабілетіндегі бұзылыстар сыртқы және ішкі факторға байланысты. Сыртқы себептері: экология, жүйке жүйесінің бұзылысы, қарым-қатынас ортасы, селқостық, цифрлық гаджет, шулы орта. Ал ішкі себептері: анасының жүктілік кезі, босану, генетикалық аурудың берілуі, көру-есту жұмысының бұзылуы, соматикалық ауру, бас миының зақымдануы, гипербелсенділік, жанындағы адамның темекі шегуі, кесар тілігі сияқты құбылыстар баланың тіл күрмеуі мен аутизм болып тууына зиянын тигізеді. Бұл баланы емдемес бұрын ең бірінші ата-ананың танымын кеңейтеміз. Себебі әлеуметтік өмірде ата-аналар қателікке бой алдырады. Оны өздері де байқамайды. Үй тіршілігінде бала мазасын алса, сәби кезінен бастап көп жылайтын болса, есімін айтып шақырғанда қарамаса ата-ана дабыл қағу керек. Яғни дәрігерге барып, бала денсаулығын зерттеу керек.

Ал тіл кемшілігін сәби кезінен байқауға болады, яғни тілдің жереншегі қысқа болса ана сүтін еме алмайды. Сондай-ақ бала 1 жасқа келіп, тілі шығып сөздерді айта бастағанда бізге логопед-дефектологка көрсету керек. Біз баланың денесін, бұлшық етін тексереміз. Егер бала табанындағы тепе-теңдікті сақтай алмаса, дұрыс сөйлей алмайды және қисық сөйлейді. Осы арқылы тіл ақауын ертерек анықтап, алдын-ала ем жүргіземіз. Бірақ көп ата-аналар баласындағы ақауды 3 жастан асқанда біледі. Себебі үй тіршілігінде жүрген ата-ана баласы жыласа көбіне планшет, ұялы телефон немесе интернеттегі жасына сай емес мультфильмді қосып беріп, уақыт шектеуліктерін қоймайды. Әрине, заманауи құрылғыларды пайдаланған дұрыс, бірақ ол бала тілінің күрмеуіне алып келеді.

– Балалардың сөйлеу қабілетін жақсартуда қандай емшара қолданылады? Толық сөйлеп, тілі түзелу үшін қанша уақыт қажет?

– Әр баланың түсінігі түрліше қалыптасады. Кейбіреуі бір айда, енді бірі деңгейіне қарай 1 жылда қабылдайды. Егерде алдымызға келген баланың түсінігі қалыптаспаған болса, ол кезде соматикалық және проприоцептивті сенсорлық жүйесін, яғни бұлшықет-буын сезімінің анализаторын бастаймыз. Ал түсінігі қалыптасқан, тек сөйлеуінде қана ақау болса шешу жолы интерактивтік тақта, магнитафон арқылы жұмыс, микрафонмен қайталау сияқты заттарды пайдалана отырып, жеке жұмыс дыбыстық ойын түрлерін, сурет бойынша әңгімелеу, ұсақ моторика ойындарын жүргіземін. Негізі баланы қоршаған ортадан алыстатпай, еркіндікке жіберу керек. Бұрын балалар құммен ойнап, талға өрмелеп, балалармен асық, футбол секілді түрлі дала ойындарын ойнаса, қазіргі бүлдіршіндер телефон қарап отырады. Мәселенің бір себебі осында.

– Сіздің қабылдауыңызға келетін балалардың көбі қанша жастағы өрендер?

– Менің қабылдауыма 2 жастан бастап 9 сынып оқитын тіл мүкістігі мен мүлдем сөйлемейтін балалар келеді. Бір ата-ана, мектеп оқитын, сөйлеп жүрген баласының кейін мүлдем сөйлемей қалғанын айтып келді. Ол баланы зерттеу барысында оның планшет, телефон арқылы мутацияға ұшырағанын байқап, Астана қаласына жібердім. Сонымен қатар жиналыс барысында елімізде мутацияға ұшыраған жастардың бар екені, көбейіп жатқаны айтылды. Бұл да ата-ана үшін ойланатын жағдай.

– Жалпы тілдегі ақауды жою үшін жас ерекшелігі маңызды ма?

– Бұрын тілдегі ақауды кетіруге 3-4 жас аралықтағы баланы қарайтынбыз. Қазіргі таңда 1 жарым жастан бастап қараймыз. Айтып өткендей барлығы баланың түсінігіне, санасына және науқастың ауру деңгейіне қарай жұмыс жасаймыз. Мысалы, ерекше балаларды біз толық адам қатарына қосылады деп айта алмаймыз, бірақ өзге әлемнен шығарып, қоршаған ортаға бейімдейміз. Ал саналы балаға түрлі жаттығуды қолдану арқылы дұрыс сөйлеуді үйретеміз.

– Маман ретінде ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз? Балада тіл кемістігі болмаса да жасалатын күнделікті қандай жаттығу түрін айтасыз?

– Ата-анаға айтар кеңесім баланы бесікке бөлеу керек, ойнау керек, өлең, ертегі айту қажет. Планшет, телефон беріп немесе қосып қоюға болмайды. Балаға 3 жасқа дейін көңіл бөліп, жануарларды көрсетіп, оның дауысын салу керек. Сөйлей алмайтын баланың тілі шығуына жануарлар, сиыр, жылқы қой, қоян тағы басқа қоршаған ортадағы тірі нәрсені көрсеткен пайдалы. Сенсорика – бұл заттардың сыртқы қасиетін, олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмін сезу. Баланың сөйлеп кетуі үшін ата-ана баласымен мәміле жасап, сөйлесу керек. Мысалы, «қазір мына киімді киеміз, қонаққа барамыз» деген сияқты түрлі сөздерді кішкентай сәби кезінен естісе балада тіл күрмеуі болмайды. Ал ерекше баланы айтатын болсам, алдымен ата-ана баласының кемістігін мойындау керек. Олардың ерекшелігін өз қатарластарымен ойнамай, шыңғырып, айқайлауынан тағы да басқа түрлі іс-қимылдары арқылы байқауға болады. Осыны байқаған ата-ана дефектологка жүгінуі керек. Осы тұрғыда тіл мүкістігі мен балалардың сөйлеуін дамытуға логопед маманы ғана емес ата-ана да бірге бірлесіп жұмыс істесе, берілген тапсырма мен жаттығуды орындаса, нәтиже болатыны хақ.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұқбаттасқан
Нәзира МҰҚАТАЕВА

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАРБЫЗДАН ДА ҚАУІП БАР

Қазір қауын, қарбыз саудасы қызып тұр. Тұрғындар да қарбыз маусымын ерте бастаған. Дәмді дақылдын дәмін татқысы келетіндер көп. Өкініштісі, жаз айы басталысымен қарбыздан улану дерегі де көбейген. Осы орайда тұрғындарға бақша дақылдарын сатып аларда көңіл бөлу қағида туралы маман кеңесін ұсынғанды жөн көрдік.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова бақша дақылдары пестицидтермен емделген болса, бойына нитраттарды жинауға бейім болатынын айтады. Егер құрамында осы заттектер көп қарбызды жесе, оның белгілері 4-6 сағаттан кейін біліне бастайды. Мұндай сәтте дереу дәрігердің көмегіне жүгінген жөн.

Ал қарбыздан улануды болдырмас үшін сақтық шарасына баса мән беру керек. Ол үшін қарбызды жақсылап жуып, 30 минутқа суық суда қалдыру қажет. Қарбыздың мәйегінде нитраттар көп болатындықтан оны жеуге болмайды. Сондай-ақ шақпақ салуда қауіпті. Себебі қарбыз жерде өседі әрі сатылатын жерге дұрыс тасымалданбайды. Дамушы микроағзалар кесілген жерге түседі. Гигиеналық талаптың болмауы да улану қаупін арттырады. Ал қарбыздың құрамында нитратты анықтау үшін мәйегінен кесіп алып, бір стақан суға салып қою керек. Егер су лайланудың орнына қызғылт түске айналса, онда оның құрамында нитраттың көп екенін білдіреді.

Мамандар қарбызды ашық базарлардан сатып алмауға кеңес береді. Бақша дақылы сатылатын жер күн мен жаңбырдан қорғау үшін арнайы қоршалуы қажет.

А.ӘЛІМ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелініп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3025 Тапсырыс №1100

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана Сейіл